

жасайтын қуыршақ пен ер балалар саздан жасайтын аңдар түрлері ғана бар екенін айтады. Сонымен бірге ұлт ойындарының тарихы туралы мәліметтерді қарттардың аузынан да жинақталған. Олар ойындар түрлерін айта келе, олардың тәрбиелік мәнін түсіндіреді. Олар: Шығыс Қазақстанда тұратын Исенов Нүрке, Семейлік Қисықов Асқар, Төлеужанов, Омаровтар. С.Мұқанов “Өмір мектебі” атты мемуарлық еңбегінде “Орда” атты есеппен ойналатын асық ойыны болғанын бірнеше рет атап өтеді /2/. Осы ойын туралы деректер жинаған профессор К.К.Юдохин 1940 ж. Мәскеуден шыққан “Труды института востоковедения” жинағының 2 санында, бұл 5 санымен есептеудің ерекше жолы арқылы қолданылатын логикалық ойлауға арналған күрделі ойын деп көрсетеді. Сондай-ақ Б.Тотенаев “Қазақтың ұлт ойындары” деген кітабында “Абылайдың алты алаш” атты ойынды атап, ол ойын қазір ұмыт болған, бірақ мазмұны жағынан ол “Тоғыз құмалақ”, “Шахмат” ойыны сияқты деген деректер береді.

Жалпы ұлт ойындарының қалыптасуы кезеңі деп VII-IX ғ. кезеңдерді айтуға болады. Осылайша қазақтың ұлттық ойындары жөніндегі деректер басылым беттерінен жарық көріп, дамып отырған.

Сол секілді ұлттық, рухани, танымдық, тәрбиелік құндылық-тарымыз туралы белгілі тарихшылар, философтар, этнографтар, әдебиетшілер мен өнертанушылар (М.О.Әуезов, Ә.Марғұлан, А.Жұбанов, С.А.Қасқабасов, Н.С.Сәрсенбаев т.б) түрлі зерттеу объектілеріне қарай өзіндік тұжырымды терең пікірлер білдірді. Ұлттық ойындарды ұрпақ тәрбиесінде пайдалану туралы түрлі тарихи кезеңдерге көптеген педагог, психологтар зерттеулер жүргізіп, жан-жақты пікірлер айтты. Тұлғаның қалыптасуын-

дағы ұлттық ойындардың рөлі И.Г.Песталоцци, Р.Оуэн, Ф.Фребель, К.Д.Ушинский, Н.К.Крупская т.б. еңбектерінде сөз етілсе, ойын теориясы мен практикасын жасауда белгілі психологтар Л.С.Выгодский, П.Я.Галперин, А.Н.Леонтьев т.б зор үлес қосты /3/. Ал қазақтың халық ойындарының тәрбиедегі рөлі мен педагогикалық мүмкіндіктері ағартушылар (Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев) т.б идеяларынан бастау алып, XX ғасырдың екінші жартысында зерттеушілер-педагогтар (М.Танкеев, Т.Бекбатчаев, М.Тұрскельдина, Е.Сағындықұлы, А.Айтбаева және т.б) еңбектерінде арнайы сан алуан қырынан қарастырылды /4/. Қай халықтың өмірінде де ұжымдық жүйеде тәрбиеленетін бала тірлігінде ойынның мазмұны бай, тақырыбы әр алуан кең болатыны белгілі. Оған тиісті педагогикалық, психологиялық бағыт-бағдар дұрыс беріліп, ол мақсатты түрде жүйелі ұйымдастырылды.

Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады.

1. Диваев Ә. Тарту/Құраст. Ф.Оразаева. – Алматы: Ана тілі, 1992 - 25 бб.

2. Ұзақбаева С.А. Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие. – Алматы, 1993.

3. Тойлыбаев Б.А. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану: - Алматы, 1995.

4. Крупская Н.К. Таңдамалы педагогикалық шығармалар.- Алматы, 1961.

С. С. Сейтенова

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ЖІКТЕМЕСІ

Қазіргі кезде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойлатын жаңа талаптарды анықтауда. Техникалық прогресс пен ғылыми ақпарат көлемінің ұлғая түсуі, мектептегі білім беру мазмұнын қайта құру және оқу-тәрбие орындарының іс-әрекет қағидаларын қайта қарау –

мұның бәрі мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлануына қойлатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін жаңа педагогикалық технологияларын пайдаланудың тиімділігін практиканың өзі дәлелдеп отыр.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «педагогикалық технология» деп аталатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етті. Бұл ұғымның мәнін білім беру үдерісінде өзгеше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, онда білім алушылардың іс-әрекеті жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалім мен білім алушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық технологияның мәнін ғалымдар түрліше анықтайды:

- практикада іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы (В.А.Беспалько) [1];

- педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті (М.В.Кларин) [2];

- қойылған мақсатқа сәйкес білімді, білікті, дағдыны және қатынасты құрастыру, қалыптастыру мен бақылау бойынша операциялардың жиыны (А.К.Колеченко) [3];

- балаға педагогтың шынай өзара әрекетін қамтамасыз ететін қолданбалы ғылыми педагогикалық пән (Н.Е.Щуркова) [4];

- оқыту формаларының, әдістерінің, тәсілдерінің, амалдарының, тәрбие құралдарының әлеуметтік жиыны мен бірлігін анықтайтын психологиялық-педагогикалық нұсқаулардың жиынтығы (Б.Т.Лихачев) [5];

- педагогикалық технология – оқу-тәрбие үрдісінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі (Ш.Т.Таубаева, Б.Т.Барсай), т.б. [6].

Ғалымдардың берген анықтамаларын оқып, үйреніп, талдай келе педагогикалық технология оқыту мен тәрбие беру үдерісін неғұрлым тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде де, оқу-тәрбие беру үдерісінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің жаңа шеберлікпен, реттеуші құралдардың жиынтығы, әрі шынайы оқыту үдерісі ретінде де әрекет етіп қоғам талабына сай педагогикалық үдерістің жоғары сандық және сапалық көрсеткішін береді деп айтуға болады.

Осы кезге дейінгі ғылыми зерттеулерге жасалынған талдау бүгінде педагогикалық технологияларды жинақтап, жүйелеп, оның жүктемесін жасаған ғалымдар еңбектері баршылық. Солардың ішінде педагогика ғылымы мен

практикасында белгілі барлық технологияларды неғұрлым жинақтап, жүйелеген Г.С. Селевконың жүктемесіне көңіл аударарлық. Зерттеуші ғалым педагогикалық технологияларды төмендегідей жіктейді:

- қолдану деңгейі бойынша: жалпы педагогикалық, дербес әдістемелік және модульдік;

- психикалық дамудың жетекші факторы бойынша: биогендік, психогендік, социогендік және идеалистік;

- тұлғалық құрылымға бағдарлау бойынша: ақпараттық технологиялар, операциялық, эмоционалды-көркем және эмоционалды-адамгершілік, өзін-өзі дамыту технологиялары, эвристикалық және қолданбалы;

- мазмұны мен құрылымының сипатына қарай: оқытатын және тәрбиелейтін, жалпы білім беретін және кәсіби бағдарланған, гуманитарлық және технократтық, әртүрлі салалық, дербес пәндік, сонымен бәрге монотехнологиялар, кешендік және кірме технологиялар;

- ұйымдастыру формасы бойынша: сыныптық-сабақтық және альтернативтік, академиялық және клубтық, жеке және топтық, оқытудың ұжымдық тәсілдері, дифференциялық оқыту;

- танымдық іс-әрекетті басқару типі бойынша: классикалық лекция, оқытудың техникалық құралдарының көмегімен оқыту, «кеңесші» жүйесі, кітап бойынша оқыту, аз топтардың жүйесі, компьютерлік оқыту, «репетитор» жүйесі, басқару бағдарламасы;

- балаға қатынас жасау бойынша: авторитарлық, дидактикалық – орталықтандырылған, тұлғалық-бағдарланған, ізгілікті-тұлғалық, ынтымақтастық технологиясы, еркін тәрбие;

- басым (үстемдік етуші) әдіс бойынша: догматтық-репродуктивтік, түсіндірмелі-иллюстративтік, дамыта оқыту, проблемалық, ізденгіштік, шығармашылық, бағдарламалық оқыту, диалогтық ойын, өзін-өзі дамытушы оқыту, ақпараттық;

- дәстүрлі әдістемені модернизациялау бағыты бойынша: қатынастарды ізгілендіру мен демократияландыру негізінде, іс-әрекетті белсендіру мен интенсификациялау негізінде, ұйымдастыру мен басқарудың тиімділігі негізінде, әдістемелік және дидактикалық негізде, табиғатқа сәйкестік, альтернативті, авторлық мектептердің тұтас технологиялары;

- оқытушылардың категориялары бойынша: бұқаралық технологиялар, озат оқыту, орнын толтыру, қиын балалармен жұмыс істеу технологиялары [7].

Қазіргі таңда бұл жіктеме педагогикалық

технологиялардың мақсатын, мазмұнын және түрлерін ажыратуға көмектеседі және оларды атқаратын қызметіне сай пайдалануға негіз болады.

Қорыта келгенде дидакт ғалымдарымыздың ұсынған анықтамаларын зерделей келе, педагогикалық әрекетті-әлеуметтік тәжірибе мен мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін әрекеттің дербес түрі деп, ал педагогикалық технологияны – педагогикалық мақсаттарға жетуге кепілдік беретін, алдын-ала жобаланған оқу-тәрбие үрдісі бірізді жүзеге асатын жүйе деп түсінгеніміз жөн деген қорытынды жасауға болады.

1. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М., Педагогика, 1989. – 385б.

2. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике:

Обучение на основе исследования, игр, дискуссий. – Рига: НПЦ «Эксперимент», 1995.

3. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: «Академия», 2003.

4. Щуркова Н.Е. Педагогическая технология. – М.: Педагогическое общество России, 2002.

5. Лихачев Б.Т. Педагогика. М.: Прометей, 1998.

6. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика Нововедений в системе образования. – Алматы: ғылым, 2001.

7. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1988.

В статье представлены научные взгляды ученых стран СНГ и РК, связанные с применением новых технологий в педагогике.

This article is about a meaning and classification of pedagogical technology. In literature the scientists give for pedagogical technology a different meaning

Н. Қ. Тоқсанбаева, С. А. Тұяқбаева

ПСИХИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРДІ ДАМУДА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ӘСЕРІ

Мектепке дейінгі білім беру - Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің құрылымдық бөлігі ретінде маңызды рөл атқарады, өйткені соның аясында баланың табиғи зеректік қасиеті мен ерекшелігі ашылады, оларды дамытуға жағдай жасау қамтамасыз етіледі, баланың мектепке дайындау кең көлемді бағдарламасы жүзеге асырылады. Қазіргі заманда әлемдегі мектепке дайындық түсінігі екі жиынтықты құрастырады: оқуға дайындығы және мектепке дайындығы.

Мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі міндеттері - балалардың денсаулығын нығайтуды сақтау, олардың салауатты өмір салтын сақтау әдеттерін қалыптастыру. Балалардың психикалық және толымды психикалық дамуы мен тәрбиеленуі. Ерте балалық шақ- баланың тез қарқында табиғи, психикалық және әлеуметтік дамуымен ерекшеленетін бала өмірінің кезеңі. Туа біткен механизмдердің арқасында меңгеру, оқу бейімділігі зор. Тек адамға ғана тән психикалық қасиеттерін қалыптастыру негізіне қызмет етеді.

Барлығына мәлім, баланың даму негізінің 95 % 2 жастан 6 жас аралығында қалыптасады және мектепке дейінгі дайындықтан өтпеген бала дамуы баяу болуға мәжбір, өз жасынан кеш қалса, оны қуып жету қиын. Мектепке дейін

тәрбиелеу мекемелерінің тапшылығы жағдайында шағын-орталықтар әр балаға мектепке дейінгі балалық шақты қуанышпен және мазмұнды өткізуге және мектепке ойдағыдай дайындалуға мүмкіндік береді.

Педагогика үшін мәнді мәселенің бірі – “жеке тұлға” түсінігінің өзін айқындап алу. Адамның дамуында бір-біріне байланысты екі өзек байқалады, оның бірі – биологиялық, екіншісі – әлеуметтік. Шетел педагогикасы мен психологиясы жеке тұлғаның даму мәселесін үш негізгі бағытта қарастырады, яғни олар: биологиялық, әлеуметтік және биосоциологиялық. Осы бағыттар адамның дүниеге келген күнінен бастап оның дамуы мен қалыптасуында көрініс бере бастайды. Адам туғанда тек биологиялық тіршілік иесі болып танылады, жеке тұлғалыққа жету әлі ерте. Биологиялық нышандар мен қасиеттердің дамуы адамның өмір бойы мүшелік пісіп жетілуі және қалыптасуы үрдісінің сипатын көрсетіп отырады. Адамның биологиялық кемелдену және өзгеру үрдісі, оның дамуының жастық сатылары мен мінез-құлқында көрініп, осыдан балалық, жасөспірімділік, ересектік және қариялық табиғи бітістерін ажыратамыз. Жеке адам қоғам өмірінің өнімі болғанымен, оның тірі организм екенін ұмытпау керек. Әлеуметтік және биологиялық қаты-